

Павлодар облыстық мәслихатының (III сайланған IX сессиясы) 2004 жылғы 24 желтоқсандағы "2005-2007 жылдарға арналған жалпы сипаттағы ресми трансферттер көлемдері туралы" N 71/9 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының (III сайланған XIII (кезектен тыс) сессиясы) 2005 жылғы 26 тамыздағы N 57/13 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 13 қыркүйекте N 3045 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24-сәуірдегі Бюджет Кодексінің 41-бабының 4-тармағына сәйкес облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Облыстық мәслихатының (III сайланған IX сессиясы) 2004 жылғы 24 желтоқсандағы "2005-2007 жылдарға арналған жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемдері туралы" (әділет басқармасында 2004 жылғы 24 желтоқсанда N 2833 арқылы тіркелген, "Сарыарқа самалы" газетінің 2005 жылғы 19 ақпандағы 20- нөмірінде, "Звезда Прииртышья" газетінің 2005 жылғы 6 қаңтардағы 1-нөмірінде жарияланған) N 71/9 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы:

1) тармақшасындағы "6442393" сандар "6523513" сандармен, "5655471" сандар "5736591" сандармен,

2) тармақшасындағы "8149363" сандар "8261620" сандармен, "6901349" сандар "7013606" сандармен,

3) тармақшасындағы "10418772" сандар "10531029" сандармен, "8678553" сандар "8790810" сандармен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы А. Касицин

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р.Гафуров

